

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қараша N 1362

Жылу энергиясын босатқан үшін бюджеттік ұйымдардың жинақталып қалған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп республикалық бюджет алдындағы қосымша құнға салынатын салық бойынша 368 (үш жүз алпыс сегіз) млн. теңге сомасында, оның ішінде "Павлодар мұнай өңдеу заводы" акционерлік қоғамы бойынша - 184 (жүз сексен төрт) млн. теңге және "Атырау мұнай өңдеу заводы" акционерлік қоғамы бойынша - 184 (жүз сексен төрт) млн. теңге сомасында есептеме жүргізісін.

Аталған соманы Торғай облысы әкімінің бюджеттік ұйымдарын, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды, олар тұтынған жылу энергиясы үшін берешегін қайтаруға қаржыландыру есебіне есептелсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы есеп жүргізуден туындайтын Торғай облысының жергілікті бюджеттерімен мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін республикалық бюджетте 1996 жылға арнап көзделген қаражаттар есебінен өзара есеп айырысуды реттесін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің

1996.12.14. N 1540 қаулысымен.

P961540_

2. "Павлодар мұнай өңдеу заводы" акционерлік қоғамы мен "Атырау мұнай өңдеу заводы" акционерлік қоғамының Арқалық ЖЭО-ға 1996 жылдың 10 қарашасынан бастап келісілген кестелер мен бағалар бойынша республикалық бюджетке есептелген төлемдер есебінен жылу энергиясын өндіру үшін мазут беріп тұру туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Берешекті есептеу аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК